

КМҚК №11 "Таңшолпан" бөбекжай - бақшасы

**№1 педагогикалық кеңес шешімімен
"Бекітілді"
Бөбекжай- бақша директоры**

С.Ж.Жанекешова



**2020-2021 оқу жылына арналған
№7 "Еркемай" мектепалды даярлық тобының
"Ойнайық та, ойлайық!"
вариативтік компонент
ұйымдастырылған жұмыс жоспары**

Түсінік хат

Бөбекжай бақшаның мектепалды даярлық тобына арналған қарапайым математикалық түсініктерді дамыту жөніндегі бағдарламаларда балалардың алдыңғы топтарда алған білімдерін жалпылау, жүйелеу, кеңейту және тереңдету қаралған.

Балалар сан, пішін туралы өзара байланысы бар түсініктерді меңгеруі, кеңістік пен уақытты бағдарлай алуы тиіс.

Математикалық байланыстар мен байланыстылық туралы түсінік қалыптастыру, тиісті амалдарды меңгеру мектепалды даярлық тобындағы балалардың көрнекті – бейнелі ойлауын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Балалар көзбен көріп, іштей есептеуге үйренеді, олардың көз мөлшер, пішінді шамалау жылдамдығы арта түседі.

Бұл жас мөлшерінде ойлау қабілетін, ойлау дербестігін дамыту, талдау, салыстыру, қорыту секілді ойлау әрекеттерін дамытудың да маңызы зор.

Бұл бағдарлама бөбекжай бақшадағы мектепалды даярлық топтарындағы қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыруға қосымша балалардың математикалық білімін кеңейтіп, математикаға деген қызығушылығын арттыру үшін қажет.

Бағдарламада кеңістік, уақыт арқылы бағдарлау, заттарды санау, сызықтар, қазақ халқында жиі қолданылатын сандар, сандар қатары, апта күндері, санамақтар, есептер, геометриялық пішіндер туралы танымдық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Сандар мен оларға қолданылатын амалдар, есептер және геометрия элементтері де қамтылған. Сондықтан тереңдете үйрету арқылы баланың математикалық сауаттылығы артады.

Мақсаты: Балалардың математикалық білімдері мен ұғымдарын, негіздерін қалыптастыру. 1-10ға дейінгі сандарды тура және кері санау дағдыларын жетілдіру, үйрету. Қосу және азайту амалдарын сәйкестендіруді үйрету. Геометриялық фигураларды ажырата білу, ойлау қабілеттерін арттыру. Сандарды салыстыра білуге, апта күндері мен уақытты, кеңістікті бағдарлай білуге пысықтау.

«Ойнайықта, ойлайық» вариативтік компонент аптасына 1 сағат, барлығы 36 сағатқа арналған.

№	Тақырыбы	Мақсаты	Әдіс-тәсілі	Қажетті құралдар, көрнекіліктер
1	«Математика әлемі»	Математика әлемі туралы түсінік беру. Оқу қызметінде жоспарланған тақырыптарға қосымша білім беруге үйрету. Балалардың зейінін арттыру.	Түсіндіру, Көрсету, сұрақ-жауап	Суреттер, заттар, геометриялық фигуралар
2	«Қай жерде	Балаларды қай жерде тұр деген сұраққа дұрыс жауап беруге,	Сұрақ-жауап көрсету,	Суреттер, заттар,

	тұр?»Кеңістікті бағдарлау.	кеңістік қатынастарын анықтауға жоғары -төмен,сол жақта-оң жақта,үстінде-астында,ортасында, арасында үйрету ,қағаз бетіне бағдарлау қабілетін үстінде,сол жақ та ,оң жақта	салыстыру,талдау.	ойыншықтар
3	«Заттардың қасиеті ,пішіні, шама». Заттардың биіктігіне, ұзындығына ені мен қалыңдығына қарай салыстыру	Балаларды заттардың түрлі тәсілдерін тауып,заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыруды,заттарды белгілері бойынша топтастыруға үйрету	Түсіндіру, көрсету,салыстыру, еске сақтау.	Түрлі көлемдегі заттар,суреттер
4	«Геометриялық фигуралар- дөңгелек,шаршы үшбұрыш».	Балаларды дөңгелек,шаршы,үшбұрыш тәрізді геометриялық фигуралармен таныстыру,оларды ажыратуды үйрету, кеңістікте бағдарлау қабілетін қалыптастыру.	Сұрақ-жауап көрсету,салыстыру, Қорытынды	Геометриялық фигуралар суреттері
5	«Геометриялық фигуралар-төртбұрыш,шаршы және тіктөртбұрыш,сопақша»	Сопақша,төртбұрыш ,шаршы және тіктөртбұрыш туралы түсінік беру.Заттардың пішінін анықтап,оларды пішінін басқа заттармен салыстыруға үйрету.Заттарды түсіне, пішіні мен көлеміне қарай ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру.	Сұрақ-жауап көрсету, салыстыру,талдау, еске сақтау.	Геометриялық фигуралар суреттері
6	«0 саны және цифры».	0 цифрын бос жиынның санды таңбасы ретінде таныстыру.0 цифрын жазуды үйрету,сан туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру.	Сұрақ-жауап көрсету,салыстыру, талдау,еске сақтау.	Әр түрлі заттар суреттері,0 цифры
7	«1 саны және цифры».	1 саны мен цифрымен таныстыру,бір затты анықтай алуға үйрету,заттардың белгілерін тауып,оларды сол белгілеріне қарай жіктеу қабілетін қалыптастыруды жалғастыру.	Сұрақ-жауап көрсету,салыстыру, талдау,еске сақтау.	Әр түрлі заттар суреттері,1 саны
8	«2 саны және цифры»	Заттар жұбы туралы түсінік беру,заттарды жұптастырып,оларға сипаттама беруді үйрету,жұп заттың санын білдіретін 2 цифрмен таныстыру.2 цифрын жазуды үйрету,сан және цифр терминдерін ажырата білуге үйрету, заттарды санау,олардың атаулары мен ретін анықтау.Сандарды жазу дағдысын бекіту.	Сұрақ-жауап көрсету,салыстыру, талдау,еске сақтау.	Әр түрлі заттар суреттері,2 саны

9	«3 саны және цифры».	3 саны және цифрымен таныстыру.Цифр мен заттың санын сәйкестендіре білуге үйрету. Заттарды санауға машықтандыру.3 цифрын тану және бейнелеуге үйрету.	Сұрақ-жауап көрсету,салыстыру, еске сақтау.	Әр түрлі заттар суреттері,3 саны
10	«Ауыр-жеңіл.Заттарды өлшеу туралы түсінік».Заттарды салмағына қарай салыстыру.Салмақтың көлемге тәуелділігі.	Заттың салмағы және оны өлшеу туралы түсінік қалыптастыру,заттарды «ауыр-жеңіл»сөздерін пайдалана отырып салыстыруды үйрету,заттарды қолмен салыстырып,олардың салмағын көлеміне қарай анықтауды үйрету.	Көрсету,салыстыру, сұрақ -жауап	Таразы,түрлі заттар
11	«4 саны мен цифры».	4 саны және цифрымен таныстыру,цифр мен заттың санын сәйкестендіруді үйрету,заттарды санауға машықтандыру,4 цифрын тануды және дұрыс суреттеуді үйрету.	Сұрақ-жауап көрсету,салыстыру, талдау,еске сақтау.	Әр түрлі заттар суреттері,4саны
12	«Уақыт,кеше,бүгін,ертең, бірсүгiнi,таңертең,күндiз,кеш,түн»	Балаларды ұзақтық уақыт терминiмен таныстыру,уақытты сипаттайтын сөздердi кеш,бүгiн,бүрсiгiн,таңертең, күндiз,кеш,түн қайталау,апта күндерi туралы түсiнiктерiн нақтылау.	Сұрақ-жауап көрсету,салыстыру, талдау,еске сақтау.	Плакат,суреттер
13	«5 саны және цифры»	5 саны мен цифрымен таныстыру,цифр мен заттың санын сәкестендiрудi үйрету.Заттарды санау және реттiк санау қабiлеттерiн ұштастыру.5 цифрын тану және дұрыс бейнелеуге үйрету.	Сұрақ-жауап көрсету, салыстыру,талдау, еске сақтау.	Әр түрлі заттар суреттері,5 саны
14	«1-5 сандары.Тура және кері санау»	5-ке дейiн санау қабiлетiн күшейту,реттiк санау дағдысын қалыптастыру,геометриялық фигуралардың атаулары туралы бiлiмiн пысықтау,талдау және салыстыра алу қабiлеттерiн арттыру.	Көрсету, санау, еске сақтау.	Сандар,заттар
15	«Жиын.Бір-көп.Заттарды ортақ қасиеттеріне қарай топтарға бiрiктiру».	Балаларға заттар тобының жиынының ортақ белгiлерiн тауып,заттарды белгiлi бiр қасиетiне қарай үлкен,кiшi деген бiрiктiре алуға үйрету жеке затты тауып көрсету,бiр элементтен тұратын жиын туралы түсiнiк қалыптастыру,бiр және бiрнеше көп терминдерiн енгiзу.	Сұрақ-жауап көрсету, салыстыру, еске сақтау.	Заттар суреттері
16	«Қосу + таңбасы»	Қосу амалдарының мәнiн түсiндiру,+ таңбасын қолданысқа енгiзу,қосу амалдарын құрастырып,жазуды үйрету,алғашқы бестiктегi сандардың нумерациясын пысықтау.	Көрсету,сұрақ-жауап, еске сақтау.	Заттар суреттері, «+» таңбасы
17	«Азайту - таңбасы»	Азайту амалының мәнiн ашу ,азайту таңбасын қолданысқа енгiзу,азайту амалдарын құрастырып,жазуды үйрету,алғашқы бестiктегi сандардың нумерациясын пысықтау	Сұрақ-жауап көрсету, салыстыру,еске сақтау.	Заттар суреттері, «-»таңбасы
18	«6 саны және цифры»	6 саны мен цифрын енгiзу,цифрды заттың санымен сәйкестендiрудi үйрету,1-дi қосу арқылы сан шығарыпалу	Сұрақ-жауап көрсету, салыстыру,талдау,	Әр түрлі заттар суреттері,6 саны

		туралы түсінікті қалыптастыру,сандық және реттік санау дағдыларын жетілдіру.	еске сақтау.	
19	«Биік-аласа,жуан-жіңішке»	Заттардың биіктігі мен қалыңдығы туралы түсінік қалыптастыру және оларды салыстыруды үйрету.Биік-аласа, жуан-жіңішке,тар-кең деген сөздерді пайдалана отырып салыстыру,заттарды көзбен салыстыру,бір-бірінің үстіне қою,бастыру арқылы салыстыруды үйрету.	Сұрақ-жауап көрсету,салыстыру, талдау,еске сақтау.	Көрнекіліктер,заттар
20	«Ұзындық»	Ұзындық туралы түсініктерін қалыптастыру,заттардың ұзындығы бір-біріне салу арқылы және шартты өлшемінің көмегімен өлшеуді үйрету.	Сұрақ-жауап көрсету,салыстыру, талдау,еске сақтау.	Суреттер,әр түрлі заттар
21	«7 саны және цифры»	7 саны және цифрын енгізу,цифр мен заттың саны сәйкестендіруді үйрету,санды және реттік санаудағыларын жетілдіру.7 цифрын табу және бейнелеуді үйрету.	Сұрақ-жауап көрсету,салыстыру, талдау,еске сақтау.	Әр түрлі заттар суреттері,7 саны
22	«1-7 сандары»	1-7 сандарды қайталап айтуға үйрету.Тура және кері санау.Сандарды ретімен орналастыру.	Сұрақ-жауап ,жаттау, еске сақтау.	Әр түрлі заттар суреттері,1-7 дейінгі сандар
23	«Апта күндері»	Апта күндерінің атауларын жаттату,балалардың бойына уақыт туралы түсінік қалыптастыруды жалғастыру	Сұрақ-жауап ,жаттау, еске сақтау.	Плакат апта күндері
24	«8 саны және цифры»	8 саны мен цифрын енгізу.Цифр мен заттың санын сәйкестендіруді үйрету.Сандық және реттік санау.8 цифрын тану және бейнелеу.	Сұрақ-жауап көрсету,салыстыру, талдау,еске сақтау.	Әр түрлі заттар суреттері,8 саны
25	«9 саны және цифры»	9 саны және цифрын енгізу.Цифр мен заттың санын сәйкестендіруді үйрету.Сандық және реттік санау,8 цифрын тану және дұрыс бейнелеу.	Сұрақ-жауап көрсету,салыстыру, талдау,еске сақтау.	Әр түрлі заттар суреттері,9саны
26	«10 саны және цифры»	10 саны және цифрын енгізу.Цифр мен заттың санын сәйкестендіруді үйрету.Сандық және реттік санау,8 цифрын тану және дұрыс бейнелеу.	Сұрақ-жауап көрсету,салыстыру, талдау,еске сақтау.	Әр түрлі заттар суреттері,10 саны
27	«0-10 сандары.Тура және кері санау»	0-ден 10-ға дейінгі сандарды тура және кері санай білу дағдыларын жетілдіру.1-ді қосу және азайтуды суретпен сәйкестендіре білуге үйрету.	Сұрақ-жауап көрсету,салыстыру, талдау,еске сақтау.	Сандар
28	«Көрші сандарды тап»	Берілген сандардың көрші сандарын табу.Оң жақ,сол жақ бағыттағы көршілес сандарын атау.	Көрсету,сұрақ-жауап, талдау,еске сақтау.	Сандар
29	«Текше,шаршы,цилиндр, Конус»	Көлемді геометриялық денелермен таныстыру,текше,шар,цилиндр,конус,перамида оларды тани білуге үйрету.	Сұрақ-жауап көрсету, талдау,еске сақтау.	Геометриялық денелер суреттері,қағаз
30	«Заттарды салыстыру»	Заттарды әртүрлі белгілері,оның ішінде биіктігі, қалыңдығы,ұзындығы бойынша салыстыра білуге үйрету.	Сұрақ-жауап көрсету, салыстыру,талдау,	Суреттер

			еске сақтау.	
31	«Сандарды салыстыру»	Сандарды бөліктері бойынша азайту тәсілін қарастыру, бірінші ондықтың кез келген санынан 1 санын азайтуды үйрету, бірінші ондық сандарының нумирациясы туралы білімдерін бекіту.	Түсіндіру, көрсету, салыстыру, талдау, еске сақтау.	Сандар, суреттер
32	«Зат және оның бөлшектері . Бүтін және бөлшек»	Тең, артық, кем қатынастарын қоя білу, сан және цифр терминдері туралы білімдерін бекіту, заттарды санау дағдыларын жетілдіру.	Сұрақ-жауап көрсету, салыстыру, талдау, еске сақтау.	Көрнекіліктер, заттар
33	«Жыл мезгілдері»	Жыл мезгілдері, жыл атауларымен таныстыру, жыл мезгілдерін ажырата білуге үйрету.	Сұрақ-жауап көрсету, салыстыру, талдау, еске сақтау.	Суреттер
34	«Жыл мезгілдері мен айлары»	Жыл мезгілдері мен айларын, жыл атауларымен таныстыру, жыл мезгілдерін ажырата білуге үйрету.	Сұрақ-жауап көрсету, салыстыру, талдау, еске сақтау.	Суреттер
35	«Логикалық есептер»	Салыстыру, қорытындылау, жіктеу сияқты логикалық амалдарды ғана емес, тегістеу негізінде пайымдауды қажет ететін логикалық есептер шығаруды қарастыру. Заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру, дағдыларын жетілдіру.	Көрсету, сұрақ-жауап еске сақтау.	Көрнекіліктер
36	«Өлшеу. Салмақты қарапайым таразылардың көмегімен өлшеу»	Қарапайым таразылардың көмегімен өлшеу барысын таныстыру, заттарды таразы арқылы салыстыруға үйрету.	Көрсету, салыстыру, еске сақтау.	Таразы, заттар
37	«Есептер шығару»	Жыл бойы өтілген тақырыптарды қорытындылау. 10-ға дейінгі сандарды қосып, азайту	Сұрақ-жауап, өз бетімен жұмыс	Сандар